

**Е.Өмірбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде  
құқықбұзушылық бойынша жасалынған жұмыстардың ақпараттамасы  
2024-2025 оқу жылы**

2-қыркүйек күні мектебімізде қызмет бабында ерлікпен қаза тапқан полиция қызметкері Қошақбаев Абай Құламергенұлының атына арналған кішкентай полицейлер тобынан құралған Жас сақшы полиция сыныбы ашылды. Жас сақшы сыныбының мақсаты жасөспірімдер арасындағы тәртіпті қадағалау, құқық бұзушылықтарды болдырмау және өз ісіне адал аға буынның қызметін жас ұрпаққа дәріптеу. Жас сақшы сыныбында 18 оқушы білім алуда. 15 мұғалім, отбасы, 25 оқушы қатысты.

<https://www.facebook.com/share/v/wn74W8hJDdPnsoDv/?mibextid=oFDknk>



Сақ болайық! Қауіпсіздігіміз басты назарда болсын.

<https://www.facebook.com/share/v/1AbxvRPGCx>



Мектебімізде ата-аналар мен педагогикалық ұжымның қатысуымен "Бала қауіпсіздігі- қоғам келешегі" тақырыбында офлайн форматта жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналысқа Түпқараған аудандық полиция бөлімшесінің ювеналды полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры Саркенов Джамбул Майрадинович қатысып, қауіпті ойындар, интернеттегі алаяқтық, құқықбұзушылық, буллинг, зорлық-зомбылық, діни экстремизм тақырыбында баяндама жасады.

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Реуенова Райгүл Аманғалиқызы білім сапасын арттыру бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде айтып өтті.

Жиналысқа 83 ата-ана

24 сынып жетекші, мектеп әкімшілігі мен мектеп инспекторы қатысты.

<https://www.facebook.com/share/v/1E7Z2tKkLH/>



14 қазан күні мектебімізде Түпқараған аудандық жастар ресурстық орталығы мен "Jas Senim" қоғамдық қорының ұйымдастыруымен қазіргі таңдағы өзекті тақырыптар

бойынша, яғни нашақорлық, лудомания, буллинг және құқық бұзушылық бойынша ақпараттар беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Аталмыш шараның басты қонақтары ретінде ауданның мамандары қатысты, атап айтқанда Түпқараған ауданы полиция бөлімі жергілікті полиция қызметінің полиция аға лейтенанты бастығының орынбасары Молдабеков Жәнібек Тәжібайұлы, Орталық емхана дәрігері психиатр-нарколог Аманова Ақілгек Арқабайқызы, Дінтанушы маман Жақсылық Нұрбек Дидарбекұлы қатысты.

<https://www.facebook.com/share/v/15he7FvSJV/>



1-30 қараша аралығында «Қауіпсіз балалық шақ» ақпараттық науқанына байланысты Түпқараған аудандық полиция бөлімшесінің ювеналды полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры Саркенов Джамбул Майрадинович пен 9-11 сынып оқушыларының қатысуымен «Қылмыстық құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында жиналыс өткізілді. 150 оқушы мен 20 мұғалім

<https://www.facebook.com/share/v/1DQOgd35KY/>



"Қауіпсіз балалық шақ" ақпараттық науқаны аясында 2024 жылдың 1-30 қараша аралығында мектебіміздің ұстаздары мен инспекторы бірігіп, түнгі мезгілде рейд жұмысын жүргізуде.

Мақсаты: Құқықбұзушылықтың алдын алу үшін оқушылардың беймезгіл уақытта заңды өкілінсіз көшеде жүрмеуін қадағалау;

Мектеп мұғалімдері мен инспекторы бірлесе отырып, 1 ай бойы түнгі мезгілде 20:00-24:00 аралығында дүкен, ойын-сауық орталықтары, кафе-барларды аралап, рейд жұмысын жүргізеді.

<https://www.facebook.com/share/p/1EXcsY34dB/>



29 қараша күні 9-сынып оқушыларына режиссёр Ринат Балғабаеттың "Закладка" атты деректі фильмі көрсетілді.

Мақсаты: Жас ұрпақтың қылмыстық қолсұғушылығын болдырмау;

Оқушылар деректі фильмді көре отырып, өз ойларын ортаға салды. Яғни, жеңіл ақшаның жолын қуып, қазір 10 және одан да көп жылға бас бостандығынан айырылған азамат пен азаматшалардың өз ісіне өкінетіндігі, өздерінің жасаған тірлігінен болашақта сабақ алатынын, кесірлі құбылысқа араласпауды сұрайтынын айтты.

<https://www.facebook.com/share/v/1AkNKhm5Ts/>

